

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 989 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 117-құжаттар; № 21-

I, 124, 126-құжаттар; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 10, 79-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 4, 7-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 39-құжат):

1) 9-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне олардың өтініші бойынша осы Кодекстің 49-бабында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгертілген нысаналы мақсат үшін көзделген жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнына тең соманы бөліп-бөліп төлеу ұсынылады.";

2) 33-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) уәкілетті компанияның құрылыс салушысы Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамасына сәйкес құқығын берген кезде;"

3) 35-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Елді мекен шегінде объект салу мақсаты үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы кемінде 3 жыл мерзімге беріледі.";

4) 44-1-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Елді мекен шегінде объект салу үшін мемлекет меншігіндегі жерден жер учаскесі сұралған кезде осы Кодекстің 48-бабына сәйкес сауда-саттыққа (конкурстарға, аукциондарға) шығарылатын жерлерді қоспағанда, жер учаскесін беру мынадай ретпен жүргізіледі:"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақпен толықтырылсын:

"2-1) сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосуға және топографияға техникалық шарттарды жасау;"

2-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініштің, келісуші органдар қорытындысының, жер учаскесін таңдау актісінің, сәулет-жоспарлау тапсырмасының, инженерлік желілерге қосуға және топографияға техникалық шарттардың, жер-кадастрлық жоспардың нысандарын тиісті орталық уәкілетті орган бекітеді.";

4-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі бекітілген қала құрылысы құжаттарына сәйкес жеті жұмыс күні ішінде жер учаскесін таңдау актісін, сәулет-жоспарлау тапсырмасын, техникалық шарттарды алу үшін сауалнама парағын, топографияны оның ахуалдық схемасымен қоса дайындайды және оларды бір мезгілде барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, тиісті қызметтерге, инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді жеткізушіге, мемлекеттік жер

кадастрын жүргізетін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы не келісуші органдарда осы жүйелердің болмауы жағдайында қағаз жеткізгіште жібереді.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету қызметтерін жеткізушілер сауалнама парағын, ахуалдық схеманы және топографияны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды дайындайды және табыс етеді.";

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Оң қорытындылар түскен жағдайда сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі бес жұмыс күні ішінде сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосуға техникалық шарттарды және топографияны қоса бере отырып, жер учаскесін таңдаудың түпкілікті актісін дайындайды және жібереді.";

5) 48-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

"5-2) су құбырларын, жылу трассаларын, тазарту құрылысжайларын және басқа да инженерлік-коммуникациялық желілер мен жүйелерді салу және тарту үшін жеке және заңды тұлғаларға;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) аяқталғаннан кейін олардың нәтижелері туралы хаттама негізінде екі жұмыс күні ішінде орталық уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жер учаскесін сатып алу-сату немесе жалдау шарты жасалады.";

6) 94-бапта:

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде және жер учаскесіне құқық ауыртпалығы ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі туралы нұсқама "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады.";

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Аталған ауыртпалық жер учаскесі меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын иеліктен шығару құқығын шектемейді және ол сатылған кезде жаңа құқық иеленушіге ауысады.

Нұсқама мерзімі өткеннен кейін жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы талап қою жаңа құқық иеленушіге қойылады."

2. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар

; 2015 ж., № 1, 2 - құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 36, 37-құжаттар; № 12, 39-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 16, 53-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 36, 37-құжаттар; № 8, 45, 46-құжаттар):

1) 44-бап мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

"8-2) сатып алу және сауда-саттық нысанасының бастапқы құнының сомасы;"

2) 159-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Нарық субъектілерінің сауда-саттықта және сатып алуда Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде тыйым салынған бәсекелестікке қарсы келісімдері, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса –

сауда-саттықта және сатып алуда жеңімпаз деп танылған нарық субъектісі алған монополиялық кіріс (түсім) тәркілене отырып, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – сатып алу және сауда-саттық затының бастапқы құнының үш, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 160-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік монополия субъектісінің, мемлекеттік монополия субъектісі болып табылмайтын, бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге айрықша құқық берілген заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының мемлекеттік монополия туралы заңнамасында белгіленген шектеулерді сақтамауы –

үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) мынадай мазмұндағы 161-1-баппен толықтырылсын:

"1. Мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғалардың құрылтай құжаттарында көзделмеген қызмет түрлерін жүзеге асыруы –

лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) 163-бап мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдар арасындағы немесе олар мен нарық субъектілері арасындағы бәсекелестікке қарсы келісімдер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса –

лауазымды адамдарға – үш жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

6) 268-бапта бесінші және алтыншы бөліктер алып тасталсын;

7) 713-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Монополияға қарсы орган осы Кодекстің 160 (бірінші бөлігінде), 161, 161-1, 162, 163, 163-1, 201-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды."

3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72 - құ ж а т ; № 12 , 87 - құ ж а т ; № 23 , 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат):

1) 90-6-бапта:

14) тармақша алынып тасталсын;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға:

өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы;

бұзушылықтарды жою туралы;

осы Кодекске қайшы келетін, өздері жасаған келісімдер мен мәмілелерді бұзу, күшін жою немесе өзгерту туралы;

бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерді жасау туралы орындауға міндетті нұсқамалар енгізеді;"

35) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"35) нарық субъектілері келісімдерінің жобаларын бәсекелестік келісімдер белгілерінің жоқтығы тұрғысынан қарау қағидаларын әзірлейді және бекітеді";

37) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"37) нарық субъектісі (нарық субъектілері) жіберетін монополияға қарсы комплаенстің сыртқы актісінің Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына сәйкестігін белгілейді;"

мынадай мазмұндағы 39-2), 39-3), 39-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"39-2) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуын тергеп-тексеру актілерінің нысандарын әзірлейді және бекітеді;

39-3) бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілерін белгілеу және монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдау мақсатында тауар нарықтарында бағалар мониторингін жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

39-4) бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілерін белгілеу және монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдау мақсатында тауар нарықтарында бағалар мониторингін жүзеге асырады;"

2) 90-7-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Монополияға қарсы орган қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару, оның ішінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы туралы өтініштерді қарау, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы туралы істерді тергеу, экономикалық шоғырлануды реттеу және бәсекелестік деңгейінің жай-күйін айқындау кезінде өздеріне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес:

1) қызметтік куәліктерін немесе сәйкестендіру карталары және монополияға қарсы органның Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуына тергеу жүргізу туралы шешімін көрсеткен кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың және нарық субъектілерінің үй-жайлары мен аумақтарына кедергісіз кіруге;"

3) 124-6-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) қоғамдық маңызы бар нарықтарды талдау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;"

4) 164-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы немесе дербес салық төлеуші болып табылатын оның филиалы (қаржы ұйымдарын қоспағанда);"

5) 169-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тыйым салулар, егер:

1) олар мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары, оның ішінде концессия, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарттары (франчайзинг) болып табылса;

2) тауарларды сатып алуды және сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу кезіндегі сатылас келісімдерді қоспағанда, қаралатын тауар нарықтарының бірінде нарық субъектісінің (субъектілерінің) үлесі жиырма пайыздан аспаса;

3) нарық субъектілерінің сатып алуды өткізуі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, сатылас келісімдерге қолданылмайды.";

6) 169-1-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы бапта қызметті үйлестіру деп тауарларды сатып алуды ұйымдастырушының, сатып алу және сауда-саттық операторының тауарларды сатып алуды және сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін жүзеге асыру кезіндегі сатып алынатын тауарларды әлеуетті берушілердің, сауда-саттыққа қатысушылардың қызметін келісуге және олар қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге бағытталған кез келген әрекеттерін түсінген жөн.";

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) шағын қуатты табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілері түсініледі.";

7) 170-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

8) 174-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) өтініш жасалған кезде тиісті тауарды өндіру немесе өткізу мүмкіндігі болған кезде жекелеген сатып алушылармен шарт жасасудан немесе тауарды өткізуден негізсіз бас тарту не осындай шарт немесе тауарды өткізуге арналған өтінім жасау туралы ұсынысқа күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімде жауап бермеуден көрінетін жалтару сияқты әрекеттеріне тыйым салынады.";

9) 175-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауардың монополиялық жоғары бағасы, егер бұл баға осындай тауарды өндіру мен өткізу үшін қажетті шығыстар мен пайда сомасынан және салыстырмалы тауар нарығында бәсекелестік жағдайында қалыптасқан бағадан асып кетсе, оның ішінде:

1) тауардың бұрын белгіленген бағасын, егер бұл ретте мынадай шарттар жиынтығы орындалса:

тауарды өндіру және өткізу үшін қажетті шығыстар өзгеріссіз қалса немесе олардың өзгеруі тауар бағасының өзгеруіне сәйкес келмесе;

тауар сатушылар немесе сатып алушылар құрамы өзгеріссіз қалса не тауар сатушылар немесе сатып алушылар құрамының өзгеруі болмашы ғана болса;

тауардың тауар нарығындағы, оның ішінде салық салуды, кедендік-тарифтік, тарифтік және тарифтік емес реттеуді қоса алғанда, мемлекеттік реттеу шараларымен байланысты айналым шарттары өзгеріссіз қалса немесе олардың өзгеруі тауар бағасының өзгеруімен мөлшерлес болғанда, арттыру арқылы;

2) тауардың бұрын белгіленген бағасын, егер бұл ретте мынадай шарттар жиынтығы орындалса:

тауарды өндіру мен өткізу үшін қажетті шығыстар елеулі түрде төмендесе;

тауар сатушылар немесе сатып алушылар құрамы тауардың бағасын азайту жағына қарай өзгерту мүмкіндігін туғызса;

тауардың тауар нарығындағы айналым шарттары, оның ішінде салық салуды, кедендік-тарифтік, тарифтік және тарифтік емес реттеуді қоса алғанда, мемлекеттік реттеу шараларымен байланысты тауар айналымы тауардың бағасын азайту жағына қарай өзгерту мүмкіндігін қамтамасыз етсе, арттыру арқылы үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген баға болып табылады.";

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салыстырмалы тауар нарығы деп тауарды сатып алу немесе сату мақсаттары, тауардың айналым шарттары, тауар нарығына қол жеткізу шарттары және салық салу, кедендік-тарифтік, тарифтік және тарифтік емес реттеуді қоса алғанда, мемлекеттік реттеу негізге алына отырып айқындалған сатылатын тауар көлемі, тауарды сатып алушылар немесе сатушылар (берушілер) құрамы бойынша салыстырылатын басқа тауар нарығы түсініледі.";

4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Биржалық тауарлардың тауар биржаларында және электрондық сауда алаңдарында тиісінше өткізілген сауда-саттық барысында қалыптасқан бағасы, егер мұндай баға осы Кодексте шектелген монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде белгіленбеген болса, монополиялық жоғары (төмен) және монополициялық төмен бағаны анықтау жөніндегі әдістемеді айқындалған тәртіппен монополиялық жоғары (төмен) деп танылмайды.";

10) 192-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекет:

1) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін немесе қоғам мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің өзге мүмкіндігі болмаған;

2) мемлекеттік меншіктегі стратегиялық объектілер пайдаланылған және күтіп-ұсталған;

3) мемлекеттік монополияға жатқызылған салалардағы қызмет жүзеге асырылған;

5) тиісті тауар нарығында бәсекелестік болмаған не оның даму деңгейі төмен болған;

7) қызметті бұрын құрылған мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар



және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын жағдайларда кәсіпкерлік қызметке қатысады.

Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

11) 193-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Мемлекет мемлекеттік монополия субъектісі болып табылмайтын жеке заңды тұлғаға бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге айрықша құқық беруге құқылы.

3-2. Мемлекеттің мемлекеттік монополия субъектісі болып табылмайтын жеке заңды тұлғаға бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге айрықша құқық беруі, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларды қоспағанда, конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Конкурсты өткізу тәртібін монополияға қарсы орган бекітеді.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік монополия субъектісіне және бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге айрықша құқықтар берілген заңды тұлғаға:";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік монополия субъектілерінің және мемлекеттік монополия субъектілері болып табылмайтын, бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге , өткізуге айрықша құқық берілген заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік монополия субъектілерінің және мемлекеттік монополия субъектілері болып табылмайтын, бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге , өткізуге айрықша құқық берілген заңды тұлғалардың осы баптың 4-тармағында белгіленген шектеулерді сақтауын бақылауды монополияға қарсы орган осы Кодекске сәйкес жүзеге асырады.";

12) 194-бапта:

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"194-бап. Мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі), келісімдері

1. Конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға

әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін әрекеттерінен (әрекетсіздігінен), актілер не шешімдер қабылдауынан көрінетін олардың мемлекеттік функцияларды (билік өкілі функциясын) іске асыруы кезінде бәсекелестікке қарсы әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тыйым салынады және олар толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылады.";

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекет нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі) болып оның ішінде мыналар да танылады:";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдар арасындағы келісімдерге немесе мұндай келісімдер бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға әкеп соқса немесе әкелуі мүмкін болса, олар мен нарық субъектілері арасындағы келісімдерге тыйым салынады.";

13) 195-1-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Нарық субъектісі (субъектілері) монополияға қарсы компаенстің сыртқы актісінің жобасын Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына оның сәйкестігін анықтау үшін монополияға қарсы органға жолдауға құқылы, ол монополияға қарсы компаенстің сыртқы актісінің жобасы келіп түскен кезден бастап бір ай ішінде қаралуға жатады.

4. Монополияға қарсы орган қараған монополияға қарсы компаенстің Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларына сәйкестігі анықталған жағдайда, оның сыртқы актісінің жобасы нақты нарық субъектісіне (нақты нарық субъектілеріне) қатысты немесе нақты жағдайда қолдануға болатын Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын түсіндіру актісі болып табылады.";

14) 196-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) сатып алуды және сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу кезіндегі сатылас келісімдерді қоспағанда, Кодекстің 169-бабының 3-тармағында көзделген келісілген әрекеттердің, үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың, бәсекелестікке қарсы сатылас келісімдердің белгілерін қарау кезінде нарық субъектісінің үстем үлесін айқындау;";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Экономикалық шоғырлануды реттеу кезінде, сондай-ақ тауарларды сатып алуды және сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу кезіндегі сатылас келісімдерді қоспағанда, Кодекстің 169-бабының 3-тармағында көзделген келісілген әрекеттердің, үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың, бәсекелестікке қарсы сатылас келісімдердің белгілері анықталған кезде нарық субъектісінің (субъектілерінің) үстем үлесін (үлестерін) айқындау мақсатында осы баптың 3-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көзделген кезеңдерді қамтымайтын тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізіледі.";

15) 199-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"199-бап. Әрекеттерде (әрекетсіздікте) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерінің болуы туралы хабарлама

1. Монополияға қарсы орган әрекеттерде (әрекетсіздікте) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың мынадай белгілері:

1) жосықсыз бәсеке;

2) осы Кодекстің 174-бабының 1) тармақшасында көрсетілген белгілерді қоспағанда , үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану;

3) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттері;

4) осы Кодекстің 169-бабының 2-тармағында көрсетілген нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы сатылас келісімдері;

5) мемлекет нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі), келісімдері болған кезде мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның атына, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органға, жергілікті өзін-өзі басқару органына, нарық субъектісіне тергеп-тексеру жүргізбестен жібереді.

Хабарлама көрсетілген белгілер туралы монополияға қарсы органға белгілі болған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

Хабарламаны беру тәртібі мен оның нысанын монополияға қарсы орган бекітеді.

2. Егер мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функциясын берген ұйым, мемлекеттік, жергілікті атқарушы орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, нарық субъектісі хабарламада көрсетілген әрекеттерді (әрекетсіздікті) осы Кодекстің 199-бабының 2-1-тармағында белгіленген мерзімдерде тоқтатпаған болса, монополияға қарсы орган тергеу жүргізу туралы шешім шығарады.

3. Хабарламаны орындау және оның орындалуы туралы ақпаратты беру мерзімі оны мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйым,

мемлекеттік, жергілікті атқарушы орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, нарық субъектісі алған күннен бастап күнтізбелік отыз күнді құрайды.

Қосымша уақытша шығындар қажет болған жағдайда мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйым, мемлекеттік, жергілікті атқарушы орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, нарық субъектісі хабарламаны орындау мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей монополияға қарсы органға хабарламаны орындау мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

Мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, нарық субъектісінің өтінішінде міндетті түрде хабарламаны орындау бойынша қабылданатын шаралар және хабарламаның орындалу мерзімін ұзартудың объективті себептері баяндалады.

Монополияға қарсы орган өтініште баяндалған дәлелдерді ескере отырып, оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламаны орындау мерзімдерін ұзарту немесе дәлелді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Хабарламаны орындауды ұзарту мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайды.

4. Егер хабарлама шығарылған кезден бастап күнтізбелік бір жыл ішінде монополияға қарсы орган мемлекет нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, нарық субъектісінің қызметін реттеу функцияларын берген сол ұйымның әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) осы баптың 1-тармағында санамаланған Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын дәл сол бұзушылықтың белгілерін тапса, монополияға қарсы орган хабарлама жібермей, тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім шығарады.";

16) 203-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтінішхат осы Кодекстің 204-бабында көзделген құжаттар мен мәліметтер қоса беріле отырып, монополияға қарсы орган белгілеген нысан бойынша жазбаша түрде жасалады.";

17) 203-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішхат және оның қосымшалары өтінішхатты беруші тұлғаның мөрімен (ол бар болса) куәландырылады.

Жеке тұлға ұсынатын өтінішхат және оның қосымшалары жеке тұлғаның нотариатта куәландырылған қолтаңбасымен расталады.";

18) 204-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын және 8) тармақшадағы "көлемі;" деген сөз "көлемі қамтылады." деген сөздермен ауыстырылып, 9) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақтың 6), 7) тармақшалары алып тасталсын;

3-тармақтың 6) тармақшасы алып тасталсын;

4-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

19) 207-бапта:

1-тармақтың 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

20) 216-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Монополияға қарсы органға осы баптың 2-1-тармағында көзделген Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың белгілері туралы мәліметтердің келіп түсуі, сондай-ақ мемлекет нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, нарық субъектісінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) осы Кодекстің 216-бабының 2-1-тармағында көзделген Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы мәліметтерді қарау нәтижелері бойынша монополияға қарсы орган жіберген хабарламаны орындамау тергеп-тексеруді бастау үшін негіз болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың белгілері туралы мәліметтер:

1) жосықсыз бәсекелестік белгілерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың белгілері көрсетіле отырып, мемлекеттік органдардан келіп түскен материалдар;

2) жосықсыз бәсекелестік белгілерін қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың белгілерін көрсететін өтініші;

3) жосықсыз бәсекелестік белгілерін қоспағанда, монополияға қарсы органның өз қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекет нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, нарық субъектісінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың белгілерін анықтауы;

4) жосықсыз бәсекелестік белгілерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары;

5) бәсекелестің жосықсыз бәсекелестік белгілерін көрсететін өтініші болып табылады.

Тиісті тауар нарығында нарық субъектілерінің тауарына ұқсас не өзара алмастырылатын тауарды өндіруіне және (немесе) өткізуіне байланысты тиісті нарықтың басқа субъектілерімен жарыспалылық жағдайындағы нарық субъектісі бәсекелес болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Осы баптың 2-1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы мәліметтерде:

1) мәліметтер берілетін мемлекеттік органның атауы;

2) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және тұрғылықты жері не мәліметтерді беретін заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан жері;

3) жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі немесе заңды тұлға (филиал және өкілдік) үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі;

4) мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың белгілері байқалатын нарық субъектісінің атауы;

5) бәсекелестік белгілері байқалатын Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық фактісін көрсету;

6) мәліметтерді беру күні;

7) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық фактісін растайтын құжаттар міндетті түрде қамтылуға тиіс. Мұндай құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, оларды ұсыну мүмкіндігінің болмау себебі, сондай-ақ осы құжаттар алынуы мүмкін болжамды тұлға немесе орган көрсетіледі.

Қоса берілетін құжаттар түпнұсқалар немесе түпнұсқалардың көшірмелері болуға тиіс. Соңғы жағдайда өтініш беруші осындай көшірмелердің дәйектілігі мен толықтығын растауға тиіс.

Коммерциялық құпияны құрайтын құжаттар мен мәліметтер міндетті түрде " коммерциялық құпия" деген белгімен ұсынылады. ";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрықтың көшірмесі құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тергеп-тексеру тағайындау туралы акт тіркелген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей өтініш берушіге және әрекеттерінде картель белгілері қарастырылатын тергеп-тексеру объектілерін қоспағанда, тергеп-тексеру объектісіне жіберіледі.

Тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрықтың көшірмесі тергеп-тексеру жүргізу кезінде әрекеттерінде картель белгілері қарастырылатын тергеп-тексеру объектілеріне тапсырылады. ";

21) 217-бап мынадай мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) тергеп-тексеру объектісі – әрекеттеріне қатысты тергеп-тексеру жүргізілетін жеке, заңды тұлға немесе оның филиалы. Көрсетілген тұлғалар тергеп-тексеру жүргізу туралы бұйрық шығарылған кезден бастап тергеп-тексеру объектісі болып танылады,";

22) 218-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Нарық субъектісінің әрекеттерінде осы Кодекстің 216-бабының 2-тармағында көзделген мәліметтерді қарау шеңберінде белгіленетін, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуын көрсететін нақты деректер болған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) осы Кодекстің 216-бабының 2-1-тармағында көзделген мәліметтерді қарау нәтижелері бойынша монополияға қарсы орган нарық субъектілерінің, нарық субъектісінің қызметін реттеу функциялары берілген ұйымға, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органына жіберілген хабарламаны орындамаған жағдайда монополияға қарсы орган тергеп-тексеруді жүргізу туралы бұйрық шығарады.";

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тауарларды сатып алуларды және сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу кезіндегі тік келісімдерді қоспағанда, осы Кодекстің 169-бабының 3-тармағында, осы Кодекстің 170-бабының 1-тармағында тергеп-тексеру жүргізілгенге дейін нарық субъектісінің үстемдік үлесін айқындау мақсатында тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жағдайына талдау жүргізеді.";

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) монополияға қарсы органның тергеу жүргізуге уәкілетті лауазымды адамдардың және қажет болған кезде сарапшылардың және (немесе) мамандардың тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру басталған кезден бастап үш айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Тергеу мерзімін монополияға қарсы орган ұзартуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауға тиіс. Мерзімді ұзарту туралы бұйрық шығарылады, бұйрықтың көшірмелері құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тергеп-тексеруді ұзарту туралы акті тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге және тергеп-тексеру объектісіне жіберіледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Монополияға қарсы орган тергеп-тексеру басталғанға дейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тергеп-тексеруді

тағайындау туралы актіні құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға, оның ішінде электрондық нысанда ұсыну арқылы тіркейді.";

23) 221-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"221-бап. Монополияға қарсы органның лауазымды адамдарының тергеп-тексеруді жүргізу кезіндегі құқықтары";

24) 224-баптың 1) тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау және осы Кодекстің 226-бабының 1) тармақшасында, 1-тармағының 2) тармақшасының бірінші, екінші және үшінші абзацтарында белгіленген жағдайларда нұсқама шығару;"

25) 226-бапта:

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) нарық субъектілеріне:

осы Кодекстің нормаларын бұзушылықтарды тоқтату және (немесе) олардың салдарын жою;

бастапқы жағдайды қалпына келтіру;

осы Кодекске қайшы келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту;

экономикалық шоғырлануды реттеу кезінде мәмілелерді бұзу немесе оларды жарамсыз деп тану арқылы олардың күшін жою;

егер белгілі бір сатушылармен (өнім берушілермен) не сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тарту немесе жалтару бұзушылық болып табылса, өзге нарық субъектісімен шарт жасасу қажеттілігі туралы орындалуы міндетті нұсқамалар беруге;

2) мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға орындауға міндетті:

өздері қабылдаған актілердің күшін жою немесе өзгерту, бұзушылықтарды жою туралы;

осы Кодекске қарама-қайшы келетін, өздері жасаған келісімдер мен мәмілелерді бұзу, күшін жою немесе өзгерту, бұзушылықтарды жою туралы;

тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жағдайын талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік және (немесе) жергілікті атқарушы органға енгізілетін бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерді жасау туралы нұсқамалар беруге;"

2-тармақтың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Кодекстің нормалары бұзылған жағдайда нарық субъектілері, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдар, мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар:

1) монополияға қарсы органның нұсқамаларына сәйкес бұзушылықты тоқтатуға және (немесе) оның салдарын жоюға, бастапқы жағдайды қалпына келтіруге, шартты бұзуға, нарықтың басқа субъектісімен шарт жасасуға немесе оған өзгерістер енгізуге,



монополияға қарсы орган Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес келмейді деп таныған актінің күшін жоюға, нұсқамада көзделген өзге де әрекеттерді орындауға;"

26) 227-бапта:

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жағдайын талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік және (немесе) жергілікті атқарушы органға енгізілетін бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерді жасау туралы нұсқаманы қоспағанда, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзудың анықталған фактісінің (фактілерінің), сондай-ақ нарық субъектісі не мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган немесе олардың лауазымды адамдары бұзған құқық нормаларының сипаттамасын;

3) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жағдайын талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік және (немесе) жергілікті атқарушы органға енгізілетін бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерді жасау туралы нұсқаманы қоспағанда, нарық субъектісі және (немесе) мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган немесе олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзушылықты жою үшін жасауға тиіс (немесе оны (оларды) жасаудан тартынуға тиіс әрекеттерді;"

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жағдайын талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік және (немесе) жергілікті атқарушы органға енгізілетін бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерді жасау туралы нұсқаманы орындау үшін бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган немесе олардың лауазымды адамдары жасауға тиіс әрекеттерді;"

27) 229-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелері қабылдаған нұсқамалар нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың өтініштері бойынша немесе жоғары тұрған монополияға қарсы органның бастамасы бойынша тексерілуі мүмкін."

28) 230-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшесінің нұсқамасына нарық субъектісі, мемлекеттік, жергілікті атқарушы орган, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нарық субъектісіне тапсырылған күннен бастап үш ай ішінде монополияға қарсы органға не сотқа шағым жасауы мүмкін."

4. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI,

114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41 - құжат; № 14, 44 - құжат; № 16, 53-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 36, 37-құжаттар):

1) 127-бапта:

2-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Іске қатысатын адамдар, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып хабарлануы немесе шақырылуы мүмкін.

Электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары туралы мәліметтер болмаған жағдайда, хабарлама соңғы белгілі тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бойынша қағаз жеткізгіш түрінде жіберіледі.";

2) 128-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1. Хабарлау немесе шақыру туралы телефонограмма жіберген адам оны өзінің қолын қойып және оның кімге және қашан бергендігін көрсетіп куәландыруға тиіс.

Хабардың жіберілгенін растайтын құжат іс материалдарына қоса тіркеледі.";

3) 130-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматқа жіберілген қағаз жеткізгіш түріндегі хабарламалар сотқа қайтарылуға жататын түбіртекке немесе өзге де хабарламаның көшірмесіне қол қойғызып, оған жеке табыс етіледі.

Заңды тұлғаға жіберілген қағаз жеткізгіштегі хабарламалар оның өкіліне немесе басқарушылық функцияларды орындайтын тиісті адамға, күзет қызметінің қызметкеріне не шақырылатын, хабарланатын тұлғаның басқа жұмыскеріне табыс етіледі, олар өздерінің лауазымын, тегін және аты-жөнін көрсете отырып, шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарламаның көшірмесіне алғандығы туралы қол қояды.

Қағаз жеткізгіш түріндегі хабарламалар, егер хабарламаның және шақырудың электрондық түрлерін жіберудің барлық мүмкіндіктері таусылған жағдайда ғана заңды тұлғаға жіберіледі.

Қағаз жеткізгіш түріндегі хабарламалар, тіпті егер заңды тұлға көрсетілген мекенжайда болмаса да, заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша оған жеткізілген болып есептеледі."

5. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат):

1) 82-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою мақсаттары үшін айналымның мөлшері күнтізбелік жыл ішінде ең төмен айналымнан асып кеткен жағдайда, осы баптың 1-тармағында аталған, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қоюға жататын тұлғалар орналасқан жеріндегі салық органына қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті беруге міндетті.

Егер осы тармақтың үшінші бөлігінде өзгеше көзделмесе, салықтық өтініш электрондық нысандағы айналым мөлшерінің ең төменгі айналымынан асып кетуі туындаған ай аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша жоғары тәуекел деңгейі бар салық төлеушілер салықтық өтінішті келу тәртібімен, қағаз жеткізгіште береді.

Айналым мөлшерін:

1) жаңадан құрылған резидент заңды тұлғалар, бейрезидент Қазақстан Республикасында қызметін солар арқылы жүзеге асыратын филиалдар, өкілдіктер – тіркеуші органда мемлекеттік (есептік) тіркелген күннен бастап;

2) салық органдарында дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар ретінде тіркеу есебіне тұрған жеке тұлғалар – салық органдарында тіркеу есебіне қойылған күннен бастап;

3) ағымдағы күнтізбелік жылда салық органының шешімі негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған салық төлеушілер – салық органының шешімі негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған күннен кейінгі күннен бастап;

4) өзге де салық төлеушілер – ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап өсу қорытындысы бойынша айқындайды.";

2) 83-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, осы Кодекстің 82-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне міндетті түрде қоюға жатпайтын тұлғалар мынадай тәсілдердің бірімен:

1) электрондық нысанда;

2) резидент – заңды тұлғаны Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде мемлекеттік тіркеу кезінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне алу туралы салықтық өтініш беру арқылы қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұруға құқылы.

Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша жоғары тәуекел деңгейі бар салық төлеушілер салықтық өтінішті, келу тәртібімен қағаз түрінде береді.

Мемлекеттік кірістер органдарында техникалық іркілістерге, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілер мен интернеттің) жұмысындағы бұзушылықтардан, электр энергиясының ажыратылуынан, апатқа, еңсерілмейтін күштің әсерінен немесе мемлекеттік кірістер органдары пайдаланатын ақпараттық жүйелердің ақаулығына әкеп соққан өзге де мән-жайлардан туындайтын пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің ақаулығына байланысты электрондық нысанда өтініш қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда салық төлеуші салықтық өтінішті қағаз түрінде беруге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережесі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша жоғары тәуекел деңгейі бар салық төлеушілерге қолданылмайды.

Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне ерікті түрде тұруға:

дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар болып табылмайтын жеке тұлғалардың;

мемлекеттік мекемелердің;

Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асырмайтын бейрезиденттердің;

резидент-занды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің;

ойын бизнесі салығы салынуға жататын қызметі бойынша осы Кодекстің 534-бабында аталған тұлғалардың құқығы жоқ.";

3) 605-баптың ескертпесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жағы деп объектінің сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасу жағының орны мен ауданына негізделе отырып, орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнама санына қарамастан, оның ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі суреттерді, бейнекөріністерді, жүгіретін жолдарды орналастыру жағы түсініледі."

6. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-IV, 112-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 278-бапта:

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға тараптардың келісуі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында немесе келісімшарттарда көзделген жағдайларда өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы келісім осы баптың 13, 14, 16-тармақтарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы тармақта белгіленген тәртіппен жасалады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісім жасасуға ниеті бар жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік органға) келісімшартқа ұсынылатын өзгерістер, олардың негіздемесі және өтініш бойынша шешім қабылдау үшін қажетті өзге де мәліметтер баяндалуға тиіс өтініш жібереді. Өтінішке жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жобасы қоса беріледі.

Құзыретті орган (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) келіп түскен өтінішті бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде осы Кодекстің 45-бабына сәйкес құрылатын жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының қарауына шығарады. Сараптама комиссиясы өтінішті ол түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды және өз ұсынымдарын құзыретті органға (келісімшарттың тарапы болып табылатын мемлекеттік органға) жібереді.

Сараптама комиссиясының ұсынымдары негізінде құзыретті орган (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) сараптама комиссиясының ұсынымдары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы немесе одан бас тарту туралы шешім шығарады.

Келісімшартқа өзгерістердің шарттары жер қойнауын пайдалану құқығы берілген шарттарға қарағанда, Қазақстан Республикасы үшін пайдасы аз болмауы керек.

Осы тармаққа сәйкес келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзартуды көздейтін көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

13. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, осы баптың 12-тармағына сәйкес жіберілетін өтінішке:

1) құзыретті орган бекіткен нысан бойынша жасалған жұмыс бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба;

2) ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар қажеттілігінің жазбаша негіздемесі;

3) осы Кодекске сәйкес әзірленген тау-кен жұмыстарының жоспары (жобасы) қоса беріледі.

Уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жұмыс тобы мақұлдаған жұмыс бағдарламасының жобасы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен (кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен) келісілуге тиіс.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасында пайдалы қазбаларды өндірудің ең төменгі және ең жоғары көрсеткіштері қамтылуы мүмкін. Жұмыс бағдарламасының мазмұны мен нысанын құзыретті орган айқындайды.

Осы тармақтың ережелері осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін үлгілік нысан бойынша жасалған пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған келісімшарттарға қолданылмайды."

7. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 г., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-II, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 4-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 13, 41-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; № 7, 37-құжат):

6-бапта:

он бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркеу кезінде, сондай-ақ осы Заңның 6-1-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда міндетті түрде банктік шот ашуға және жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметін жеке тұлғалармен еңбек қатынастарына кірмей жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) өтініш электрондық түрде "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес беріледі.";

мынадай мазмұндағы он алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Екінші деңгейдегі банктер қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес шот ашудан бас тартуға құқылы."

8. "Өндірістік кооператив туралы" 1995 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 20, 119-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; № 13-14, 205-құжат; 2001 ж., № 17-18, 242-құжат; 2003 ж., № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 56-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; 2015 ж., № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат):

1) 11-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер кооперативтің құрылтай құжаттарында не заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, кооператив мүшесі өз пайын немесе оның бір бөлігін кооперативтің басқа мүшесіне (мүшелеріне) сатуға немесе өзгеше түрде беруге құқылы.

Пайды (оның бір бөлігін) кооперативтің мүшесі болып табылмайтын азаматқа беруге, егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, кооператив мүшелерінің келісімімен ғана жол беріледі. Бұл ретте осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, кооперативтің басқа мүшелері осы пайды (оның бір бөлігін) сатып алуға басым құқықты иеленеді.

2) 17-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тексеру комиссиясы (ревизор) кооперативтің жалпы жиналысының, байқаушы кеңесінің тапсыруымен, өз бастамасы немесе кооператив мүшелерінің кемінде он процентінің талап етуі бойынша тексерістерді жүзеге асыра алады.

5. Тексеру комиссиясы (ревизор) кооперативтің қаржылық құжаттамасымен танысуға құқылы."

9. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 234-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 11, 67-құжат; 2015 ж., № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 8-1, 62-құжат):

23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Қоғамдық бірлестіктің қызметін тоқтата тұру

"Қоғамдық бірлестіктің қызметі прокуратура, ішкі істер органдарының ұсынымдары немесе азаматтардың өтініштері негізінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасы бұзылған немесе қоғамдық бірлестік өзінің жарғысында

күнтізбелік бір жылда екі реттен артық белгілеген мақсаттар мен міндеттердің шегінен тыс іс-әрекеттер жасаған жағдайларда сот шешімі бойынша үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

Қоғамдық бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрған жағдайда оған барлық бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға, үгіт-насихат жүргізуге, митингілер, демонстрациялар және басқа да бұқаралық іс-шаралар өткізуге, сайлауға қатысуға тыйым салынады. Еңбек шарттары бойынша есеп айырысуларды, оның қызметі нәтижесінде келтірілген залалдарды өтеуді және айыппұл төлеуді қоспағанда, оның банк салымдарын пайдалану құқығы тоқтатыла тұрады.

Егер қоғамдық бірлестік қызметін тоқтата тұрудың белгіленген мерзімі ішінде оның қызметін тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды жойса, онда көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін қоғамдық бірлестік өз қызметін қайта бастайды. Қоғамдық бірлестік бұзушылықтарды жоймаған жағдайда не қоғамдық бірлестіктің қызметі тоқтатыла тұрғаннан кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын қайталап бұзушылықты жасаған жағдайда прокуратура, ішкі істер органдары, сондай-ақ азаматтар оны тарату туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы."

10. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат, 129; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 154-құжат, 158-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 11, 29-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 16, 56-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 жылғы 5 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 51) және 52) тармақшалармен толықтырылсын:



"51) ақпараттық-биллинг орталығы – жергілікті атқарушы орган конкурстық тәртіппен айқындайтын, тұтынушыларға қызмет көрсету және бірыңғай төлем құжатын ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

52) бірыңғай төлем құжаты – көрсетілетін қызметті берушімен шарт бойынша ақпараттық-биллинг орталығы ұсынатын коммуналдық және тұрғын үй-пайдалану қызметтеріне ақы төлеуге арналған бірыңғай шот;"

2) 10-2-бап мынадай мазмұндағы 10-15) тармақшамен толықтырылсын:

"10-15) ақпараттық-биллинг орталығын айқындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын және оның көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін бекітеді;"

10-3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-8) тармақшамен толықтырылсын:

"4-8) конкурстың қорытындысы бойынша ақпараттық-биллинг орталығын айқындайды;"

10-4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) конкурстың қорытындысы бойынша ақпараттық-биллинг орталығын айқындайды;"

11. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 8-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 117-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 17-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында лажсыз жағдайларды шешу тәртібі/тетігі болуы мүмкін.";

2) мынадай мазмұндағы 50-1-баппен толықтырылсын:

"50-1-бап. Серіктестіктегі лажсыз жағдайларды шешу

1. Жалпы жиналыс күн тәртібінің 5), 11), 12) тармақшаларын қоспағанда, серіктестік қатысушыларының дауыс беру қорытындылары бойынша дауыстары осы Заңның 43-бабының 2-тармағында көрсетілген түйінді мәселелер бойынша шешім қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда туындайтын жағдай лажсыз жағдай болып табылады.

2. Лажсыз жағдай туындаған кезде серіктестік осы Заңның 46-бабында белгіленген тәртіппен серіктестікке қатысушылардың қайта жалпы жиналысын шақырады.

3. 5), 11), 12) тармақшаларды қоспағанда, осы Заңның 43-бабының 2-тармағында көрсетілген түйінді мәселелер бойынша серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, жалпы жиналысты қайтадан шақыру қорытындылары бойынша жағдай:

1) серіктестіктің жарғысында тетік болған кезде Заңның 17-бабының 2-1-тармағында белгіленген тәртіппен шешіледі;

2) осы баптың 3-2) тармақшасында көрсетілген тетік болмаған жағдайда, шешуші дауысқа әріптесі басқа әріптестермен салыстырғанда ең үлкен үлесі бар тарап ие болады;

3) осы баптың 3-тармағының 3-2) тармақшасында көрсетілген әріптес болмаған немесе басқа әріптестермен салыстырғанда ең үлкен үлесі бар, үлестері тең екі немесе одан да көп серіктес болған кезде серіктестер екінші жиналыс өткізілгеннен кейін күнтізбелік 14 күн ішінде жабық аукцион өткізеді, оның мақсаты лажсыз жағдайдан шығу бойынша дауыс беру құқығын сатып алу болып табылады. Серіктестіктегі үлестерге тең иелік ететін немесе басқа әріптестермен арақатынасы бойынша үлестердің көпшілігі бар, үлестері тең әріптестер арасында ең жоғары баға ұсынған әріптес, 5), 11), 12) тармақшаларды қоспағанда, осы заңның 43-бабының 2-тармағында көрсетілген нақты мәселе бойынша лажсыз жағдайдан шығу бойынша шешуші дауыс құқығын алады. Аукцион аяқталғаннан кейін ұтқан әріптес төлеген баға басқа серіктестер арасында олардың компаниядағы үлесіне барабар бөлінеді.";

3) 60-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органы серіктестіктің барлық қатысушыларын:

1) сотта корпоративтік дау жөніндегі істің қозғалғаны туралы хабардар етуге;

2) серіктестікке қатысушының лажсыз жағдайдан шығу жөніндегі кез келген тәртіп/тетік бойынша бастамашылығы туралы хабардар етуге міндетті."

12. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 17, 136-құжат; № 23, 179-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 11, 63, 67-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 20-I, 110-құжат; 21-I, 128-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 23-I, 166-құжат; № 23-II, 170-

құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

42-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Коммерциялық емес ұйымның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын бұзған немесе коммерциялық емес ұйымның жарғысында белгіленген қызметтің нысанасы мен міндеттері шегінен шығатын әрекеттерді бір күнтізбелік жылдың ішінде екі реттен артық жасаған жағдайларда прокуратура органдарының ұсынуы негізінде шығарылған сот шешімімен үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін."

13. "Тұтыну кооперативі туралы" 2001 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 10, 138-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат):

1) 1-баптың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тұтыну кооперативінің мүшесі – осы Заңның талаптарын қанағаттандыратын, тұтыну кооперативінің жарғысында белгіленген мөлшерде мүліктік (пайлық) жарна енгізген және тұтыну кооперативіне дауыс беру құқығымен қабылданған жеке және (немесе) заңды тұлға.";

2) 13-бапта:

1, 2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Он сегіз жасқа толған жеке тұлғалар және заңды тұлғалар тұтыну кооперативінің мүшелері бола алады.

2. Жеке және заңды тұлғалар бірнеше тұтыну кооперативтерінің мүшесі бола алады.

3. Тұтыну кооперативі мүшелерінің саны екеуден кем болмауға тиіс. Тұтыну кооперативі мүшелерінің ең көп санына шек қойылмайды.";

3) 13-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тұтыну кооперативіне мүше болғысы келетін жеке немесе заңды тұлға атқарушы органға тұтыну кооперативіне қабылдау туралы жазбаша түрде өтініш береді. Өтініште жеке тұлғаның аты, әкесінің аты, тегі, тұратын жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері немесе заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері және банк деректемелері көрсетілуі тиіс.";

4) 36-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бірігуге, қосылуға қатысатын әрбір тұтыну кооперативі жалпы жиналыс қосылу, бірігу туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі ай мерзімде өздерінің барлық кредиторларына қосылу, бірігу туралы жазбаша хабарлама жіберуге және ресми баспасөз органдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға (хабарландыруға) осы баптың 3-тармағында аталған бірігуге, қосылуға қатысатын басқа да тұтыну кооперативтері туралы мәліметтер қоса беріледі.

Тұтыну кооперативінің кредиторлары хабарлама алынғаннан немесе хабарландыру жарияланғаннан кейін екі ай мерзімде тұтыну кооперативінен не жұмысын мерзімінен бұрын тоқтатуына немесе тұтыну кооперативінің тиісті міндеттемелерін орындауына және шығындардың орны толтырылуына қосымша кепілдіктер талап етуге құқылы. Талаптар тұтыну кооперативіне жазбаша нысанда жіберіледі.";

5) 37-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тұтыну кооперативі жалпы жиналыс бөлу, бөліп шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзімде өзінің барлық кредиторларына бөлу, бөліп шығару туралы жазбаша хабарлама жіберуге және ресми баспасөз органдарында қазақ және орыс тілдерінде тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға (хабарландыруға) бөлу балансы, сондай-ақ жаңадан пайда болатын әрбір тұтыну кооперативінің атауы, орналасқан жері және мекенжайы туралы мәліметтер қоса беріледі."

14. "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 181-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 119-құжат; 2018 ж., № 11, 37-құжат):

4-1-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын.

15. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат;):

1) 20-бапта:

мынадай мазмұндағы 11-13), 11-14), 11-15), 11-16) тармақшалармен толықтырылсын:

"11-13) "бір терезе" қағидаты бойынша құрылыс жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларды әзірлеу және бекіту;

11-14) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік және әдіснамалық құжаттарды әзірлеу және бекіту;

11-15) әзірленген және бекітілген қала құрылысы құжаттамасының (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларының, елді мекендерді аумақтық дамыту схемаларының) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

11-16) инженерлік-геологиялық іздестірулерді жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

2) мынадай мазмұндағы 15-2) тармақшамен толықтырылсын:

"15-2) қала құрылысы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс жобаларын) әзірлеу және бекіту;"

3) 23-16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23-16) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеуді, бекітуді, қолданысқа енгізуді және жоюды ұйымдастыру;"

4) мынадай мазмұндағы 23-29), 23-30) тармақшалармен толықтырылсын:

"23-29) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеуді, келісуді, бекітуді, тіркеуді және қолданысқа енгізуді (қолданысын тоқтата тұруды, күшін жоюды) ұйымдастыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

23-30) сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогтарын қалыптастыру және жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;"

5) 60-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жобалау (жобалау-смета) құжаттамаларынсыз не нобайлар (нобайлық жобалар) бойынша тапсырыс беруші (меншік иесі) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларында және Тұтынушыларды электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосу қағидаларында белгіленген техникалық жағынан күрделі емес объектілерді салуды жүзеге асыра алады.";

6) 64-1-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Міндетті сараптамаға жатпайтын объектілер осы Заңның 60-бабының 2-тармағында көрсетілген.";

12-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын

:

"Тапсырыс беруші жоба құнының өзгеруіне байланысты жобалау ( жобалау-сметалық) құжаттамаға өзгерістер енгізу қажеттігін анықтаған жағдайда, сараптама мемлекеттік бюджет қаржыландыратын жобаның (жобалау-сметалық құжаттаманың) құндық көрсеткіштері бөлігінде ғана жүргізіледі.

Тапсырыс беруші жеке қаражатпен қаржыландырылатын жоба құнының өзгеруіне байланысты жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға өзгерістер енгізу қажеттігін анықтаған жағдайда, қайталама сараптама жүргізілмейді.";

7) 68-баптың 12-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте табиғи монополиялар субъектілері орындайтын белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі объектілерді электрмен жабдықтау желілерінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама талап етілмейді.";

8) 74-баптың 1-тармағының 8-тармақшасындағы "тас төсеніштерін пайдалануға қабылдауды дербес жүзеге асырады." деген сөздер "тас төсеніштерін;" деген сөздермен ауыстырылып,

9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі объектілерді электрмен жабдықтау желілерін пайдалануға қабылдауды дербес жүзеге асырады.";

10) 75-1-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

16. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10-құжат, 12; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99, 101 - құжаттар; № 19 - II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат):

5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кірме жолдың ажырамас бөлігі жылжымалы құрамды бір жолдан екіншісіне ауыстыруға арналған кірме жолдың құрылыстары, құрылғылары мен элементтері болып табылады."

17. "Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы" 2002 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 12, 117-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

17-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын.

18. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 11, 65-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 44-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, ст. 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-II, 70-құжат, 2017 ж., № 15, 55-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

15-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) кәмелетке толмағандарға арналған әлеуметтік жарнама мен тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын және кәмелетке толмағандардың дене, психикалық денсаулығы мен адамгершілігіне зиянды әсер етуге әкеп соқпайтын жалпы отбасылық тұтынуды қоспағанда, кәмелетке толмағандардың бейнелерін жарнамада көрнекі немесе дыбыстық пайдалануға;"

19. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 79) тармақшамен толықтырылсын:

"79) деректерді біріктіру – ақпаратты өңдеу және оны иесіздендіру жүргізілетін жалпылама түрде ұсыну процесі. Біріктірілген деректерді байланыс операторы есептілікті қалыптастыру, талдау мен зерттеулерді жүзеге асыру үшін пайдаланады.";

2) 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 19-20) тармақшамен толықтырылсын:

"19-20) өзге байланыс операторларына өзінің телекоммуникациялық инфрақұрылымына және оларға бөлінген радиожііліктерге қол жеткізуді ұсыну тәртібін бекіту;"

3) 15-баптың 1-тармағының 2) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қызметтік ақпаратты жинауды және сақтауды жүзеге асыруға міндетті. Абоненттер туралы қызметтік ақпаратты сақтау Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады. Шетелде жүрген Қазақстан Республикасының абоненттеріне байланыс қызметтерін көрсету жағдайларын қоспағанда, абоненттер туралы қызметтік ақпаратты және біріктірілген түрдегі деректерді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге беруге тыйым салынады.";

"6) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өзге байланыс операторларына радиожіліліктерге және телекоммуникациялық инфрақұрылымға рұқсат беруге міндетті.";

4) 29-баптың 4-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-2. Салынып жатқан объектілерге тапсырыс берушілер (құрылыс салушылар), мүлік иелерінің бірлестігі/пәтер иелерінің кооперативтері, басқарушы компаниялар және ғимараттар мен құрылысжайларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын басқа да заңды тұлғалар, ғимараттар мен құрылысжайлардың меншік иелері байланыс қызметтерін көрсету мақсатында олар телекоммуникация жабдықтарын орналастыру үшін шарт негізінде байланыс операторларына тең жағдайларда алаңдар беруге міндетті.";

5) 34-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Екі немесе одан да көп байланыс операторларының бәсекелестік негізінде телекоммуникация қызметтері көрсетілетін қалаларда және ауылдық елді мекендерде әмбебап байланыс қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындары субсидиялануға жатпайды.".

20. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004ж., № 15, 87-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 149-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат):

1) 1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) кредиттік тарих субъектісінің келісімі – кредиттік тарих субъектісінің осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат



берушілерге ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге рұқсаты не кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан өзі туралы кредиттік есепті басқа тұлғаларға беруге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ресімделетін рұқсаты;"

2) 3-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісінің осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында аталған ақпарат берушілерге ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімінің не кредиттік тарих субъектісінің ол туралы кредиттік есепті кредиттік бюродан басқа тұлғаларға беруге келісімінің болуы;"

3) 5-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кредиттік тарих субъектілерінің осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты берушілерге олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімді ресімдеу тәртібі туралы;"

4) 16-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында аталған ақпаратты жеткізушілерден мемлекет қатысатын кредиттік бюроны, сондай-ақ осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға беруге келісімін алғаны туралы растауды, сондай-ақ кредиттік тарихты қалыптастыратын толық және анық ақпаратты беруді талап етуге;"

5) 19-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты беруге міндетті;"

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілер:

1) мемлекет қатысатын кредиттік бюролармен және өзге де кредиттік бюролармен ақпарат беру туралы шарттар жасасуға;

2) осы баптың 2-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларындағы талаптарды орындауға міндетті.";

6) 23-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер мемлекет қатысатын кредиттік бюроға, сондай-ақ ақпарат беру туралы шарттар негізінде кредиттік тарих субъектісінің келісімі болған кезде, осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, өзге де кредиттік бюроларға ақпарат беруге міндетті.

Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілер мемлекет қатысатын кредиттік бюроға және өзге де кредиттік бюроларға ақпарат беруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпарат берушілердің кредиттік бюроларға ақпарат беру және кредиттік есептерді алу шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын ақпарат беру және (немесе) кредиттік есептерді алу туралы шарттарда айқындалады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілерді қоспағанда, ақпарат берушілер кредиттік тарих субъектілерінің олар туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге өздері алған келісімдерінің есебін жүргізеді.";

7) 25-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілерге ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге кредиттік тарих субъектісінің келісімі және (немесе) кредиттік бюродан кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге кредиттік тарих субъектісінің келісімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделеді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кредиттік тарих субъектісінің осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты жеткізушілерге ол туралы ақпаратты кредиттік тарихты қалыптастыру үшін кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге және (немесе) кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге, сондай-ақ оны дұрыс ресімдемегені үшін ақпарат беруші, кредиттік есепті беру туралы сұрау салған кредиттік есепті алушы не олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жауапты болады.";

8) 26-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілерді қоспағанда, ақпарат берушілердің кредиттік бюроларға (мемлекет

қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) ақпарат беруі, кредиттік бюролардан кредиттік есептерді беруі үшін кредиттік тарих субъектісінің келісімі негіз болып табылады.";

9) 27-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер ақпарат беру жөніндегі өз міндеттемелерін орындау мақсатында мемлекет қатысатын кредиттік бюромен мемлекет қатысатын кредиттік бюро мемлекеттік тіркелген және (немесе) ақпарат берушілер осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған белгілерге сәйкес келген күннен бастап күнтізбелік 180 күн ішінде ақпарат беру туралы шарттар жасасуға міндетті. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер ақпарат беру туралы шартта айқындалған мерзімде өзге кредиттік бюролармен ақпарат беру туралы шарт жасасуға құқылы.

Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасында көрсетілген ақпарат берушілер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде өзге кредиттік бюролармен ақпарат беру туралы шарт жасасуға міндетті.";

2-тармақтың 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекет қатысатын кредиттік бюроны, сондай-ақ осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілердің кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімін міндетті түрде алуы;" .

21. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2 - құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-II, 131-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 14, 54-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат):

5-бап мынадай мазмұндағы 70-35) және 70-36) тармақшалармен толықтырылсын:

"70-35) тұтынушыларды электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

"70-36) кәсіпкерлік субъектілерін белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосудың үлгі шартын әзірлейді және бекітеді."

22. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 7-8, 18-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 152, 158-құжаттар; № 23-II, 170-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат; № 19, 62-құжат):

25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингі жөніндегі қызметке мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін тартуы тиіс."

23. "Концессиялар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 88-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 20, 151-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 15-құжаттар; 2013 ж., № 15, 76, 2-құжаттар; № 20, 113-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат):

1) 1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу – конкурстық құжаттамаларды, концессия шарттарының жобаларын әзірлеуді, комиссияның конкурсқа қатысушымен келіссөздер процесінде консультациялық қызметтер көрсетуді қамтитын, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар айқындайтын концессиялық жобаларды сүйемелдеу жөніндегі заңды немесе жеке тұлғалар көрсететін қызметтер;"

2) 8-баптың 6-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1) концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөніндегі заңды немесе жеке тұлғаларды айқындайды;"

3) 17-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Конкурсты ұйымдастырушы ұсынылған конкурстық құжаттама үшін конкурстық құжаттаманы көшіруге арналған нақты шығындардан аспайтын ақы алады."  
";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін конкурстық құжаттамада көрсетілген белгілі бір жерде және тиісті уақытта әлеуетті концессионерлермен кездесу өткізеді. Бұл ретте конкурсты ұйымдастырушы олардың дереккөзін көрсетпестен, осы кездесу барысында ұсынылған конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салулар, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптарды қамтитын хаттама жасайды. Хаттама дереу комиссияға және конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы ұсынған барлық әлеуетті концессионерлерге жолданады."

24. "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 49-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 19-II, 105-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 2, 9-құжат; 2017 ж., № 9, 18-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат; № 15, 46-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар):

1-бапта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) мәдениет ұйымдары – қызметінің негізгі нысанасы мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған кәсіпкерлік субъектілері немесе заңды тұлғалар;"

25. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 95-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 50-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі келіп түссе, онда тіркеуші органның жүргізілген тіркеу туралы хабарлама жіберу арқылы оның туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын растау сәті жылжымайтын мүлікке құқықты (құқық ауыртпалығын) мемлекеттік тіркеу сәті болып табылады.";

2) 17-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құқық иеленушіні сәйкестендіретін деректерді (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты тегі және туған күні) қоспағанда, жеке тұлғалар туралы ақпаратты ашатын мәліметтерді (дербес деректерді) ұсынуға болмайды.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқық ауыртпалығы туралы ақпарат жеке және заңды тұлғалардың сұрау салуы бойынша беріледі.";

мынадай мазмұндағы 3-3-тармақпен толықтырылсын:

"3-3. Құқықтық кадастрдан заңды тұлғалардың тіркелген құқықтары туралы және жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген ауыртпалықтар, заңдық талаптар туралы ақпарат сұрау салу негізінде кез келген тұлғаға беріледі.";

3) 20-бапта:

1-1-тармақ және 2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Электрондық тіркеу құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) мәміле, мұраға құқық туралы куәлік, меншік құқығы туралы куәлік негізінде туындаған, өзгерген немесе тоқтатылған жағдайларда, сондай-ақ осы Заңда белгіленген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Құқықтарды (ауыртпалықтарды) электрондық тіркеу нотариат куәландырған мәміле, мұраға құқық туралы куәлік, меншік құқығы туралы куәлік негізінде мынадай тәртіппен жүргізіледі:";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) электрондық тіркеу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізілуі мүмкін.";

4) 20-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 20-бабының 2-тармағында көзделген құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) электрондық тіркеу мәмілеге қатысушылардың өтінішінсіз жүзеге асырылады.".

26. "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 65-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 11, 80-құжат; 2013 ж., № 21-22, 115

- к ұ ж а т ;

2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат):

4-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мәмілеге қатысушылардан, мемлекеттік органдардан және үшінші тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен нарықтық баға мен саралауды айқындауға қажетті ақпаратты, сондай-ақ мәмілелерге мониторинг жүргізу үшін басқа да деректерді сұратуға;"

27. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; № 16, 56-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 57-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті өзінде қалдыру туралы мәлімдеуге құқылы. Бұл жағдайда, ол кепілге салынған мүліктің өтімді құны шегінде (бағалау құнының 70%-нан аспайтын) кепіл ұстаушының талаптары алдында басым болып табылатын талаптарды кепіл ұстаушының кепіл бойынша өзінің барлық талаптарын толық қанағаттандыру үшін қажетті мүлік құнынан асатын құн мөлшерінде қанағаттандыруға міндетті.";

3-тармақ алып тасталсын;

2) 138-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) табиғи монополиялар субъектілерінен өндіріп алу;"

28. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-

қ ұ ж а т ;

№

2 0 - I V ,

113-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

14-бап мынадай мазмұндағы 41-72) тармақшамен толықтырылсын:

"41-72) әуежай қызметіне жатпайтын әуежай аумағында қызметтерді көрсетуге қол жеткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

29. "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 20-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 6-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1-бапта:

5-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) оқу орталығы – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау және (немесе) олардың біліктілігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;"

30. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 7, 35-құжат; 2015 ж., № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат):

8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Субъект немесе оның заңды өкілі айқын мақұлдаған әрекет арқылы дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімді береді (кері қайтарып алады).

Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау іс-қимылдарының элементтерін қолдана отырып, электрондық құжат түрінде не өзге де тәсілмен берілген өтініш нақты әрекет болып саналады."

31. "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат.; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат):

26-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оңалту жоспарын келісу кезінде кредиторлар жиналысы олардың мүдделері осы жоспарда қозғалған, талаптары екінші және төртінші кезектер құрамында қанағаттандырылуға жататын кредиторлардың дауыс санының елу пайызынан астамын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан жағдайда құқықты болады.";



99-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банкроттықты басқарушы сату жоспарын банкроттың мүліктік массасын түгендеу және бағалау деректерінің негізінде, сондай-ақ мүлікті теңгерімдік құны бойынша электрондық аукционға қою туралы кредиторлар жиналысының шешімі негізінде жасайды.

Банкроттықты басқарушы кредиторлар жиналысы белгілеген мерзімде сату жоспарын жасауға және кредиторлар жиналысына ұсынуға міндетті."

32. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7, 36-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-II, 103, 104-құжаттар; № 20-I, 111-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжаттар; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 12-баптың 1-тармағының 16) тармақшасы алып тасталсын;

2) 12-1-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын;

3) 15-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) төтенше жағдайлар туындаған кезде оларды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, олардың алдын алу және жою жөніндегі қағидаларды бекітеді;"

4) 94-баптың 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік резерв тауарларын сатып алуы мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті органда немесе мемлекеттік резерв саласындағы оның құрылымдық бөлімшесінде жүргізіледі."

33. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 43-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 14, 49-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 94-құжат):

38-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қозғалысын өзгерту не шектеу қажеттілігі жоқ жолдың жүру бөлігінде электрмен жабдықтау желілерін салу кезінде уәкілетті органға және автомобиль жолдарын басқарушыға хабарлау талап етілмейді."

34. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV,

113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 68-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 21, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 49-құжаттар; № 23, 91-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат; № 5-6, 27-құжат; № 7, 37, 39 құжаттар; № 8, 45-құжат):

1) 51-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін рұқсаттық бақылау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тәртібімен жүзеге асырылады, нормативтік құқықтық актілерде біліктілік және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы, өтініш берушіге бару қажеттілігі болған жағдайда, нәтижелері бойынша өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сай келуі немесе сай келмеуі туралы қорытынды жасалады.";

2)

1-ҚОСЫМША

## **Бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) ТІЗБЕСІ**

Р/с №	Лицензияның және оны жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызмет түрінің атауы	Жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызметтің кіші түрінің атауы	Ескертпе
1	2	3	4
Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қызметті лицензиялау			
112	Байланыс саласында қызметтер көрсетуге арналған лицензия	1.Қалааралық телефон байланысы. 2. Халықаралық телефон байланысы. 3. Спутниктік жылжымалы байланыс. 4. Ұялы байланыс	Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып

"

35. "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-VII, 116-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 20, 96-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 15, 47-құжат):

37-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Конкурсты ұйымдастырушы ұсынылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасы үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасын көшіруге арналған шығындардан аспайтын төлемақы алады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасын түсіндіру үшін әлеуетті жекеше әріптестермен кездесу өткізеді.".

36. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 23-II, 171-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 72-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 18-құжат; № 14, 51-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 22, 82-құжат; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат; № 8, 45-құжат):

1) 9-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жұмыс тәжірибесінің болуы (мемлекеттік сатып алудың нысанасы әлеуетті өнім берушінің лицензиясы және (немесе) рұқсаты болуын білдіретін жағдайларды қоспағанда).";

2) 39-баптың 3-тармағының 11) тармақшасы алып тасталсын.

37. "Сот-сараптама қызметі туралы" 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 1-2, 1-құжат):

1) 13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны берудің, қайта ресімдеудің, беруден бас тартудың тәртібі мен шарттары "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.";

2) мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Сот-сараптама қызметі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

4. Лицензияның негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдардың қызметін бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.";

14-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасын бір күнтізбелік жыл ішінде өрескел немесе екі және одан да көп рет бұзған";

4) 19-баптың 6-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыстық теріс қылық немесе ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған;"

38. "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., желтоқсан, № 23 (2774), 87-құжат (2019 жылғы 6 ақпанда баспадан шықты):

1) 8-бапта:

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) және 7-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) инженерлік желілерге қосылуға арналған үлгілік техникалық шарттарды әзірлейді және бекітеді;

7-2) табиғи монополиялар субъектілері қызметкерлерінің іс-қимылының нақты тәртібі берілген, қызметтер көрсетудің үлгілік регламенттерін әзірлейді және бекітеді;

7-3) қызмет көрсету регламенттерін үлгілік регламентке сәйкестігі тұрғысынан келіседі;"

мынадай мазмұндағы 38) тармақшамен толықтырылсын:

"38) кәсіпкерлік субъектілерін белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосылуға арналған шығындарды айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 24-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Заңның 24-1-бабына сәйкес белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосу мынадай кезеңдерден тұрады:";

4-тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) техникалық шарттарды беруге өтінішті сәулет-жоспарлау тапсырмасын, топографияны дайындау кезінде сәулет және қала құрылысы органы дайындайды және оны электрондық нысанда табиғи монополия субъектісіне жібереді;

2) табиғи монополия субъектісінің тұтынушының техникалық шарттар беруге өтінішін қарауы немесе реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайтуы;

3) табиғи монополия субъектісінің техникалық шарттарды сәулет және қала құрылысы органына жіберуі;

4) сәулет-жоспарлау тапсырмасымен және топографиямен бірге техникалық шарттарды беруге өтінішті қарау нәтижесін беруді Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес сәулет және қала құрылысы органдары жүзеге асырады;"

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі кәсіпкерлік субъектілерін электрмен жабдықтау желілеріне техникалық қосу үшін өтінішті қабылдау электрондық түрде ғана жүзеге асырылады.";

6-тармақ алып тасталсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттелетін көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтінішті табиғи монополия субъектісі құжаттардың толық пакеті ұсынылмаған жағдайда, екі жұмыс күні ішінде "электрондық үкімет" веб-порталы немесе табиғи монополия субъектісінің кеңсесі арқылы қайтарады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтініш осы баптың 7-тармағында көрсетілген мерзім ішінде қаралады, оның қорытындысы бойынша табиғи монополия субъектісі:

1) техникалық шарттарды береді;

2) техникалық шарттарды беруден бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1. Техникалық шарттарды монополистердің тікелей түзетуіне жол берілмейді.";

3) мынадай мазмұндағы 24-1-баппен толықтырылсын:

"24-1-бап. Кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электрмен жабдықтау желілеріне тұтынушылардың қол жеткізуі

Кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электрмен жабдықтау желілеріне қосу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосу туралы өтініш беру;

2) электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосудың үлгі шартын жасасу және орындау.";

4) 26-баптың 2-тармағының 32) тармақшасындағы "қамтамасыз етуге міндетті." деген сөздер "қамтамасыз етуге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 33) тармақшамен толықтырылсын:

"33) үлгі шарттарға сәйкес республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда тұтынушылармен электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосудың жеке шарттарын электрондық түрде ғана жасауға міндетті.".

39. "Кинематография туралы" 2019 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (ҚР Парламентінің Жаршысы, 2019 жыл, қаңтар, № 1 (2776), 1-құжат (2019 жылғы 25 ақпанда баспадан шықты):

1-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) кинематографиялық ұйым – қызметінің негізгі түрлері: фильм және (немесе) киношежіре шығару, фильмді прокаттау, фильмді көрсету, фильмді қалпына келтіру,

кинозалға техникалық қызмет көрсету, киноматериалдарды дайындау, фильм шығару жөніндегі жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету, кинематография саласындағы білім беру, ғылыми, зерттеу, баспа, жарнамалық-насихаттау қызметі, фильмді сақтау болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектісі немесе заңды тұлға;".

2-бап.

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК